



СӨЖ


Тақырыбы: Сүйек буын туберкулезі.



Орындаған: Жансөule
Факультет: Стоматология
Курс: III
Тобы: Ст 14-001

ЖОСПАР:

- КІРІСПЕ
- НЕГІЗГІ
- Сүйек буын туберкулезі туралы түсінік;
- Сүйек буын туберкулезі;
- Буын туберкулезі;
- Клиникалық көрінісі;
- Диагноздикасы;
- Емі;



КІРІСПЕ

- Сүйек – буын туберкулезі екіншілік (салдарлық) инфекция болып келеді, туберкулез ауруы жиі өкпеде, одан кейін лимфа түйіндерімен, серозды қыстарда кездеседі. Сүйек-буын туберкулезі жалпы туберкулез ауруы локализациясының 10% құрайды.


□ Ленинград хирургия туберкулезі институтының мәліметтері бойынша омыртқа туберкулезі (спондилит), жамбас буын туберкулезі (коксит), тізе буын туберкулезі (гонит) барлық сүйек буын туберкулезіне шалдыққан аурулардың 75,9%-кездеседі. Сүйек туберкулезі жіліктердің эпифизарлы бөліктерін, қол-аяқ саусақтарының фалангаларын зақымдайды.

Сүйек туберкулезі жіліктердің
эпифизарлы бөліктерін, қол-аяқ
саусақтарының фалангаларын
закымдайды. Сүйек-буын туберкулезіне
шалдыққан аурулардың арасында 10
жасқа дейінгі балалар 60%, 15 жасқа дейін
72% құрайды. Балалардың жиі ауратын
себебі олардың организмінің
ерекшеліктеріне байланысты: сүйектері
кемікке бай, қан айналымы жақсы.



KazMedic.kz

□ Патолого-анатомиалық өзгерістер туберкулезді остеомиелиттен басталады, қабыну ошағында туберкулезді гранулемалар түзіліп, некрозданып, сүйекте деструкция, ұсак секвестрлер, каверна (қуыс) орын алады. Сүйек метафизінен басталған қабыну буынға тарап туберкулезді артритке әкеледі.



KazMedic.kz

Буындар туберкулезі Көбінесе ірі буындарда дамиды. Қабыну түрлеріне байланысты буын туберкулезі синовиалды – экссудативті, фунгозды, сүйектік деп бөлінеді. Синовиалды – экссудативті түрінде буынның синовиалды қабаты қабынып қызарады, ісінеді, фибринге бай экссудат түзіледі, буын шеміршегі ісінеді. Дұрыс ем жүргізілсе, қабыну толық басылады, буынның функциясы бұзылмайды. Қабыну өршіген жағдайда, буындағы экссудат іріңдеп, буын шеміршегі және сүйегі деструкцияға үшірайды.


Буын, буын айналасындағы тіндердің зақымдалуы және буында экссудаттың түзілуі буын деформациясына әкеледі. Бұл кеш пайда болатын белгі. Буында экссудат барын флюктуация симптомы арқылы анықтайды. Буынға пункция жасап, экссудатты лабораториялық зерттеуден өткізу арқылы диагноз нақтыланады. Буын туберкулезінің пролиферативті түрінде буын деформациясы, буынның грануляциямен толуына байланысты. Буындағы грануляциялар некрозданып іріндейді, іріндік жарылып, сыртқа шыққанда, жыланкөз қалыптасады.

□ Сүйек – буын туберкулезінде диагноз қою үшін науқасқа кешенді зерттеулер жүргізілу қажет: шағымына, ауру тарихына, туған туыстар арасында туберкулезге шалдыққандар болуын, олармен қарым – қатынасын анықтау, науқасты мұқият қарап деформация, атрофия, Александров сиптомын, буынның қимылының шектелуін анықтау. Лабораториялық зерттеуде перифериялық қанда лимфоцитоз, туберкулин сынамаларының он болуы, коректік ортаға ірінді сепкенде, туберкулез таяқшаларының анықталуы.

□ Аурудың өтуіне қарай жедел және созылмалы түрлерге ажыратылады. Жедел Плеврит кезінде адам десалданып, әлі кетеді, тыныс алғанда кеудесі шаншиды, ентігеді, жөтеледі, қанның құрамы өзгереді. Кей жағдайда сірлі қабықта пайда болған ірің бір жерге жиналып, сырты қабықпен қапталады да, сау тіннен оқшауланады. Бұл кезде ауру ұзакқа созылуы мүмкін.

Диагнозды нактылауда екі проекцияда жасалған рентгендік зерттеудің маңызы өте зор.

Туберкулезді ошакта дамитын грануляциялық тін сүйекті деструкциялайды, рентген суретінде деструкцияланған жерде сүйектің кұрылымы жоғалып, дефект (ақау) пайда болады. Қабыну ошағының ортасында қарайған секвестр байқалады.



KazMedic.kz

□ Сүйектегі біріншілік туберкулезді остит көбінесе, жалғыз ошақ түрінде сүйектің метаэпифизінде орналасады, ошақтың айналасында склерозды зона болмай, сүйек жұқарады (остеопороз) және сүйектің жұмсақ қабығы қалындалап, периост дамымайды. Сүйектен туберкулезді қабыну буынға тарап, сұйықтық түзілсе, рентгенде буын саңылауы кеңейіп, буын шеміршегінің желінуін байқауға болады. Динамикалық рентгендік зерттеу арқылы қабынудың ағымын бақылауға болады.

Сүйек – буын туберкулезінің болжамы: дер кезінде дұрыс диагноз қойылып, тиісті ем жүргізілсе, науқастардың 90%-көбі толық жазылады. Асқынған жағдайларда буын сүйектерінің орнынан таюы, патологиялық сынықтар, секвестрлер орын алуы мүмкін. Буынның деструкциясында оның қимылы шектеледі (контрактура) немесе буын қимылы толық жоғалады (анкилоз). Адам өлімі туберкулез ауруының сепсис, амилоидоз, милиарлы туберкулез сияқты асқынуларынан 1 – 3% науқастарда кездеседі.

□ Емі. Сүйек – буын туберкулезімен ауырған науқастар ұзак уақыт, арнайы туберкулезге қарсы ем жүргізілетін диспансер және санаторийларда емделеді. Бұл диспансерлер, санаторийлар қаланың шетінде, қарағай ішінде орналасады. Ауруларға кешенді ем тағайындалады – консервативті және оперативті.



- Консервативті емдеуде туберкулез микобактерияларына қарсы арнайы антибиотиктер (рифампицин, циклосерин, канамицин, стрептомицин, изониазид, ПАСК, салюзид, тубазид т.б.) тағайындалады. Аурудың жалпы жағдайын, иммунитетін күшету үшін жоғары калориялы, ақуызға, витаминдерге, микроэлементтерге бай ет, сүт, көкөніс, жеміс – жи deck тағамдары беріледі. Емделу барысында науқастарға таза ауа, күн шуағы өте пайдалы. Жалпы еммен қоса науқастарға жергілікті ем жүргізіледі: аурудың қозу кезеңінде зақымдалған дene мүшесінің қимылын шектеу үшін шиналар, корсет, тутор, гипс таңғыштар, гипс төсектерді қолданады. Аурудың қарқыны қайтқанда науқастарды абайлаап аяғына тұрғызады

- Оперативті ем ретінде іріңдіктерді пункциялау, оларды тіліп ашу, буынға резекция, ортопедиялық операциялар, ампутациялар жасалады. Пункцияны диагностика және емдеу үшін қолданады. Пункцияны жуан инемен жасайды, себебі туберкулезді абсцесінің іріні ірімшік тәріздес (казеозды некроз) іртік болғандықтан, жінішке инені бітеп тастайды

Колданылған Әдебиеттер

- http://www.krasotaimedicina.ru/diseases/zabolenija_pulmonology/pleurisy
- <http://kazorta.org/plevrit-auruy-keude-astaryny-abunuyl/>





Көңіл қойып тыңдағандарыңыз үшін рахмет!

